

**Сейітжанов З.Н.<sup>1</sup>, Мекебаева Л.А.<sup>2</sup>, Оспанова А.А.<sup>3</sup>, Рамазанова Ш.А.<sup>4</sup>,**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
<sup>1</sup>профессоры, ф. ғ. д., <sup>2</sup>доценті, ф. ғ. к., <sup>3</sup>PhD докторы, <sup>4</sup>доценті, ф. ғ. к.,  
Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru, shaigul@mail.ru

**АСАН АЛБАНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ**

Мақалада Асан мұрасы жайында сөз қозғалады. Әдебиет тарихында Албан Асан деген атпен белгілі болған ақын XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Ақынның бізге жеткен мұрасы көп емес. Сонымен бірге ұзақ уақыт бойы ақын мұрасы қара тізімге ілініп жұрт назарына ұсынылмай келді. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана әдебиет тарихына енгізіліп өлең кітабы жарық көрді. Ақынның ең алғашқы жинағы I. Жансүгіровтің құрастыруымен өткен ғасырдың бас кезінде жарық көрген. Ақын шығармаларының басым көпшілігі отарлыққа қарсылық және кеңестік жүйенің енгізген кейбір заң жүйелерін сынайды.

Бұл мақалада ақынның ел мен жерге деген бір шоғыр өлеңдері талданған. Онда туған жерге деген сүйіспеншілік, халықтың тұрмыс тіршілігі, ел болашағы кеңінен жырланған. Айталық, тоталитарлық жүйе дінді апиын ретінде түсіндірді. Сондай-ақ елдің береке-бірлігінің бұзылып арызқойлардың мансапқа таласулары шенеуніктердің шен-шекпенге ұмтылуы сыналады. Қазақ жеріне келіп жатқан қара шекпенділердің басқаша айтқанда шұрайлы жерінен айырылған қазақ халқының тағдыр-төлегі жырланған.

Мақала авторлары ақын өлеңдеріндегі осы мәселелерді қалай жырлағанын, қандай дәрежеде тақырыпты ашқанын, өмір шындығы мен көркемдік шындықтың арақатынасын жан-жақты терең талдаған. Албан Асан мұрасының көпшілігі отарлыққа қарсылық негізде жазылған туындылар болып есептеледі. Осы мәселелер көрсетілген мақалада жан-жақты қарастырылады. Ақын өлеңдерінің тақырыптық-идеялық мазмұны ашылады. Көркемдік жүйесі сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** мұра, ел, жер, отарлық, қазақ, халық, өлең, жыр, ақын, тұрмыс.

Seitzhanov Z.N.<sup>1</sup>, Mekebaeva L.A.<sup>2</sup>, Ospanova A.A.<sup>3</sup>, Ramazanova Sh.A.<sup>4</sup>,

<sup>1</sup>Doctor of Science, Professor, <sup>2</sup>Candidate of Philological Science, A/Professor,  
<sup>3</sup>PhD of Philological Science, <sup>4</sup>Candidate of Philological Science, A/Professor  
of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru, shaigul@mail.ru

**The poetic legacy of Asan Alban**

The article discusses the poetic heritage of Asan Barmanbekuly. The poet known in the history of literature as Alban Asan lived in the second half of the XIX – early XX centuries. Not much of the poet's legacy has come down to us. Moreover, for a long time the poet's works were blacklisted and not presented to the public. Only after independence was introduced into the history of literature and a collection of poetry by Asan Barmanbekuly was published. The first collection of poems of the poet was published at the beginning of the last century, the editor and compiler of which was I. Zhansugurov. In most of his works, the poet criticized colonialism and some legal systems of power.

The article presents poems devoted to the theme of the native land. In his works, he not only wrote about love for his native land, the image of popular life, but also about the future of his country. In the poetry of Asan Barmanbekuly, the totalitarian system was interpreted as religious opium. Also, the poet openly expressed a negative attitude towards people competing for high positions, and he acutely raised the problems of vicious power. He wrote about the difficult fate of the Kazakh people who simultaneously lost their own lands and territories through the fault of the new government.

The authors of the article comprehensively analyze the main themes and motives of poetry, artistic reality, the reflection of reality. Many works of Asan Alban are devoted to the theme of social injustice. The poet mercilessly denounces the arbitrariness of the authorities, the powerlessness of the people. These and other issues are discussed by the authors in this article. The ideological and thematic originality of the poet's creativity is revealed.

**Key words:** heritage, country, land, colonial, Kazakh, people, poem, poet, life.

Сейтжанов З.Н.<sup>1</sup>, Мекебаева Л.А.<sup>2</sup>, Оспанова А.А.<sup>3</sup>, Рамазанова Ш.А.<sup>4</sup>,

<sup>1</sup>д. ф. н., профессор, <sup>2</sup>к. ф. н., доцент, <sup>3</sup>доктор PhD, <sup>4</sup>к. ф. н., доцент  
Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru, shaigul@mail.ru

### Поэтическое наследие Асана Албана

В статье рассматривается поэтическое наследие Асана Барманбекулы. Известный в истории литературы поэт Албан Асан жил во второй половине XIX – начале XX в. Немного из наследия поэта дошло до нас. Более того, долгое время труды поэта были в черном списке, не представлены общественности. Только после обретения независимости был внесен в историю литературы и опубликован сборник поэзии Асана Барманбекулы.

Первый сборник стихов поэта был напечатан в начале прошлого века, редактором и составителем которого был И. Жансугуров. В большинстве своих работ поэт критиковал колониализм и некоторые правовые системы власти. В статье представлены стихотворения, посвященные теме родной земли. В своих произведениях он не только писал о любви к родной земле, изображению народной жизни, но и о будущем своей страны. В поэзии Асана Барманбекулы тоталитарная система интерпретировалась как религиозный опиум. Также поэт открыто выражал негативное отношение к людям, соперничавшим за высокие должности, остро ставил проблемы порочной власти. Писал о трудной судьбе казахского народа, одновременно лишившего собственных земель и территорий по вине новой власти.

Авторы статьи всесторонне анализируют основные темы и мотивы поэзии, художественную реальность, отображение действительности. Многие произведения Асана Албана посвящены теме социальной несправедливости. Поэт безжалостно обличает произвол властей, бесправное положение народа. Эти и другие вопросы обсуждаются авторами в данной статье. Раскрывается идейно-тематическое своеобразие творчества поэта.

**Ключевые слова:** наследие, страна, земля, колониальный, казахский народ, поэма, поэт, жизнь.

### Кіріспе

Асан Барманбекұлы 1866 жылы қазіргі Алматы облысы, Райымбек (Нарынқол) ауданына қарасты Қакпақ өңірінде дүниеге келіп, 1916 жылы дүниеден өтеді. Ақынның алғашқы жинағы І.Жансүгіровтың құрастыруымен 1934 жылы «Ақыр заман» деген атпен шығады. Бұдан кейін ақынның есімі де, өлеңдері де ұзақ уақыт ауызға алынбай, «жабулы қазан жабулы күйінде» қалады. Мұның басты себебі идеологияның әсер-ықпалы десек болады. Осындай ұзақ үзілістен кейін 2006 жылы Т. Қаупынбайұлы мен Б.Шамұратқызының құрастыруымен «Заманның түрін естіңіз» атты өлеңдер жинағы жарыққа шығады.

Халқымыздың өмірінде өшпестей із қалдырған небір қиын да қилы замандар көп болғаны белгілі. Солардың бірі – еліміздің ұзақ уақыт бодандық бұғауында болуы. Басқаға басы байлы болу халықтың әлеуметтік-саяси өміріне де, олардың әдеби-рухани мұрасына да әсер

етпей қалмады. Сондықтан осы тұстың күллі шындығын жан-жақты қамтыған үлкенді-кішілі көптеген шығармалар туды. Себебі «Әдебиет аса сезімтал прибор тәрізді, халық өміріндегі титтей өзгерістің өзі оның айнасына түспей қоймайды» (Nurgalyev, 1997: 167).

### Талдау

Халық тағдырының алаң-арманы көп осы кезеңнің тауқыметін өз туындыларына арқау еткен ақынның бірі – Асан Барманбекұлы. Ақын неге күйзеледі, неге күңіренеді? Өйткені ол зейінде-зерек туған ақылды азамат, молдадан дәріс алған, хат таныған сауатты адам. Сол себепті ол елінің тағдыры, жерінің тағдыры үшін толғанбай отыруы мүмкін емес. Демек, «ас ішіп, аяқ босататындардың» қатарына жатпайды. Қолына қалам алып, ойын өлеңмен өрнектеген. Көп өлеңдері заман-зауалына байланысты жазылғаны байқалады. «Заман түрі» өлеңінде:

...Орысқа басын ұсталды,  
Сындырды басып белінен.  
Сайлауларды шығарып,  
Бірлікті алды еліңнен.  
Қазынаға жаздырып  
Тарылтты тағы жеріңнен, –

дейді (Barmanbekuly, 2006: 16-17).

Ресей отарлығын өз көзімен көріп, қолымен ұстаған ақынның осылай айтуға толық құқы бар еді. Отарлық қазақ елінің табиғат-болмысын өзгертті. Басқаға бағынған елде қандай күш-қуат, береке болмақ? Асан өлеңдерінен өзі өмір сүрген уақыттың сыр-сипаты мен ортаның кескін-кейпін жан-жақты танып-білуге болады. Кез келген халықтың тағдырын оның жері мен елінен бөле қарауға болмайды. Ресей империясының озбырлығын жеткізе жырлаған ақын мұрасына І. Жансүгіров тегін назар аудармаса керек. «Бұл – екінші Асан Қайғы» (І. Жансүгіров) деп бекер айтпасы кәміл. Асан Қайғы жерұйықты іздесе, Албан Асан да еркін заманды іздейді. Тарылған жеріне, тауқымет тартқан елі үшін күйінеді, мұңданады. «Белінен басып сындырған» отарлаушыларға зығырданы қайнайды. Қатар қоныстанып, аралас-құралас тіршілік кешетін қазақ, қырғыз (албан, бұғы) руларының намысын жоқтайды.

Қазақ елінің дербестігін сақтап, тәуелсіз ел болу жолында жан аямай күрескен жаужүрек батырлар бұрын да болған. Мәселен, Исатай-Махамбет, Кенесары-Наурызбай, Жанқожа т.б. бастаған жойқын жарықтар болғаны белгілі. Ал, Асан Барманбекұлы бұлар сияқты «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алмаған». Бірақ өз өлеңдерінде Ресей отарлығына қарсы шығып, барлық шындықты бүкпесіз айта білді. Басқаша айтқанда, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Бұл кезеңде қазақ елі патша өкіметінің қол астына кірген. Отарлаушылар өз үстемдігін іске асыра бастаған-ды. Стратегиялық мәні бар жерлерге бекініс сала бастады. Бодандықтың қысым-қиянаты қазақтардың саяси және экономикалық өміріне аз кесел келтірмегені мәлім. Осының нәтижесінде жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігі қиындай түседі. Ақын еркінен айрылған елдің күйіне күңірене отырып, бұл тұсты қайғылы-қасіретті заман деп қарады. «Заман түрі» өлеңінде былай дейді:

Азаматтар, байқаңыз,  
Заман қандай, заң қандай?  
Күйіп заман барады

Өртке қамыс жанғандай  
Енді бірде:  
Жылдан-жылға қысымдап  
Заманыңды тар қып тұр  
Енді қайда кетесің  
Алдыңнан қазып жар қып тұр  
(Barmanbekuly, 2006: 30).

Ақын тар заманның, зар заманның көрінісін осылайша сипаттайды. Жоғарыдағы өлең жолдары ұлттың кіріптар жағдайынан хабар береді. «Күйіп заман барады». Отаршылардың ойраны «жылдан-жылға қысымдап» тарыла бастаған. Ақын кейде халықтың өткен өміріне ой жүгіртеді, шендестіре жырлайды:

Бұрынғы жердің кеңінде,  
Мал жинаушы едік шиырға.  
Кең жерде жүрген ел едік  
Ойыл менен Жиылға...  
Аяқ астын шұқыды,  
Құланды жұтқан айдаһар  
Таласып жүр тиынға.  
Әділетті заман жоқ,  
Жұрт қарады зұлымға  
(Barmanbekuly, 2006: 43).

Екі кезең шындығын салыстыра қарағанда айырмашылық айқын аңғарылады. Бұрын кең жерде қиыр жайлап, шет қонып жүрген елдің шырқы бұзылған. Баяғы ата салған жолы да, ана тіккен тоны да жоқ. Туған топырақтың сәні кеткен. Қонысы суатты, күні шуақты заман жоқ. Әділет болмаған соң тілге тиек, ауызға қақпақ қойылған.

Отарлаушылар алдымен халықтың сулы-нулы, шұрайлы жеріне көз тігеді. Осыған орай патша өкіметі 1868 жылы «Қазақ даласын билеу ережелері» деген заң шығарғаны тарихтан белгілі. Бұл заң бойынша «қазақтың жері қазыналық мүлік» деп жариялайды. Мұны қазақтар «жаңа низам» деп атаған. «Жаңа низам ережесі өмірге енісімен-ақ патша өкіметі жер отары саясатын жүргізе бастады. Бүкіл қазақ жері қазына жері деп жарияланып, нулы-сулы құнарлы жерлер тартып алынып, орталықтан келген келімсектер қоныстандырылып, қазақтар шөлді, шөлейтті жерлерге ығыстырылды» (Muzzahmetov, 1993: 191).

Осы ащы шындықты Асан тасқа қашалған таңбадай айқын суреттейді. «Жұрттан мейір кеткен соң» атты өлеңінде көптің ой-арманын дөп басады.

...Талдыбұлақ, Көкқырға,  
Қызылқия белді алды.  
Бағы мен терек тірелген  
Шаппа тұздай кенді алды.  
Қарабұлақ, сарыжазық  
Текесті де енді алды.  
Ойқайың, Қарасай, Дардамбы,  
Үшқакпақ деген төрді алды.  
Есекартқан, Сүмбе мен  
Қоныстың шеті өрді алды.  
Жаксы жерден айырылып,  
Қысылмаған нең қалды?...

деген жолдардағы жер-су атауларының бәрі де бұрынғы Нарынқол өңірінің (қазіргі Райымбек) жерлері. Ешқандай өзгеріссіз, қазір де осылай аталады. Ақын өлеңдерінде шындық айтылған. Жер мәселесі деген күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспеген көкейкесті проблеманың бірі екені хақ. Жерден айырылған халық елдіктен де айырылады. Бір өңірдің қаншама шұрайлы жерін тартып алып келімсектер иелік еткен. Мұндай келеңсіздіктермен келіспеген қазақтар қарсылық көрсеткен. Алайда қолдан келер дәрмен болмағандықтан, еріксіз көнуге тура келген. Ал, Асан сияқты ақындар күңірене, күйзеле отырып өлең жазған. Ашық наразылық білдірген. Ақын саяси еркіндігі жоқ заманға разы болмады. Енді бірде ол ойын былай сабақтайды:

Көлік, сүті сатулы  
Бай қайыры байланды.  
Тиынсыз нәрсе табылмай  
Заман тарға айналды.  
Ер көңілді азамат  
Итжеккенге айналды...  
Албан, Бұғы мұнан соң  
Көшуге өрге ойланды  
(Barmanbekuly, 2006: 17).

Осы сияқты бассыздықтар халықтың да көзі ашық, көкірегі ояу ақынның да жігерін жанып, намысын оятқан. Отарлаушылар қазақ халқының ел басқару жүйесіне де, жора-жосынына да ілтипат білдірмеді. Қайта керісінше отарлық үстемдікке кедергі болуы мүмкін деген ұстанымда болғандықтан өздерінше билік ережесін шығарғаны мәлім. «Осынау саясаттың зарарлы төркінін сезгендер немесе қарсылық жасаған танымы жоғары ойлы топтар қуғындалып, итжеккенге айдалды немесе түгелдей саналы түрде жазықсыз жазаланып, тігерге тұяғын қалдырмай тұтасымен жойып жіберіліп отырды», – деп жазады танымал ғалым

М. Мырзахметов (Myrzahmetov, 2011: 192). Отарлықтың осындай саясатын Албан Асан дәл бейнелейді.

### Отарлыққа қарсы

Ресей империясы сан түрлі саясат арқылы елді аздырып-тоздыруға кіріседі. Біртіндеп халықтың болмысы өзгере бастады. Тіпті әлеуметтік өмірдің барлық саласына әсер етпей қоймады. Баяғыдай шалқып жататын жаз жайлау мен қас қыстау тарайған

...Жаз жайлау, қыс қыстауы,  
Бір белгілі сай болды.  
Күрпілдетіп піскен саба жоқ  
Кілегейден май болды.  
Сары қоңыздай түйе жоқ,  
Желілеп сауған бие жоқ.  
Тарылған заман кезінде  
Айтайын сізге қай күйді

Немесе:

Өзінде сенің ерік жоқ  
Қолыңнан бәрін алғанды.  
Қылар істен тоқталып,  
Өртеніп ішің жанғанды.  
Түрін айтып заманның  
Қазып молдаң зарланды  
(Barmanbekuly, 2006: 35-36).

Тұнық су, шүйгін шөпті кең қоныстың бәрін де отарлаушылар тартып алған. Мұндай қорлыққа төзген халықтың өкінішінде шек бола ма? Ақын халықтың тағдыр-талайына, болашағына алаңдайды. Заманға көңілі толмай, зар айту жағынан келгенде, сөз жоқ, Албан Асан зар заман ақындары тобына қосылады. Бұл ретте белгілі ғалым Б.Омаровтың «Зар заман жырлары заманның жақсылығынан жаманаты, қайырымдылығынан озбырлығы басым түскенде өмірге келді», – деген тұжырымын әбден құптауға болады (Omaruly, 2000: 70).

Зар заман ақындарының поэзиясындағы кейбір мотив-сарындар Албан Асаннан да табылады. Өйткені заманға деген наразылық жеке бастың ғана емес, бүкіл халық басындағы мұңнала екені даусыз. Бір-екі салыстырулар жасап көрейік. Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы мен Асанның «Жұрттан мейір кеткен соң» атты өлеңімен үндесіп жатыр. Екеуінде айтылатын ой атамекеннен айрылудың тауқыметі, яғни отарлық үстемдіктің қиянаты айтылады. Бұл

топтағы ақындардың отарлық, заманға айтқан сындары да бірін-бірі толықтыра түсетіндей әсер қалдырады. Мәселен Дулат Бабатайұлы

...Қайран қазақ, қайтейін,  
Мына азған заманда  
Қарасы-антқор, ханы-арам...  
Ебі кеткен ел болды  
Енді қайда мен барам?  
(Bes gasyt jyrlyady, 1989: 198), –

десе, Шортанбай Қанайұлы:

Заманақыр боларда  
Алуан-алуан жан шықты,  
Қайыры жоқ бай шықты.  
Сауып ішер сүті жоқ,  
Мініп көрер күші жоқ,  
Ақша деген мал шықты, –

дейді (Qanaiuly, 2002: 25).

Осындай ойды Албан Асан да айтады:  
Қағаздан ақша шығарып,  
Сатып орыс мал қып тұр.  
Қисық жүріп жол бассан  
Аузыңды бұзып қан қып тұр...  
Берекеңді алғалы  
Үш жылда сайлау шар қып тұр  
(Barmanbekuly, 2006: 30), –

деген жолдардан еркіндігінен айрылып, тұйыққа тірелгендей болған халықтың мұң-зарын байқау қиын емес. Бірі зар заман, бірі тар заман, бірі азған заман, бірі тозған заман, бірі ақыр заман деп жырласа да, ең бастысы жер мен елдің тұтастығы мен еркіндігін аңсауы – бұл топтағы мұралардың мәнін көтере түспек.

Отарлық жүйенің мақсаты осы даланы мекен еткен халықты ығыстырып, жеріне иелік ету болатын. «XIX ғасырдың 60-жылдарында қазақ халқы үш әкімшілікке жіктелді. Үш дербес генерал-губернатор үстемдік етіп, әрқайсысы тұтас халықты жіліктеп мұжуіне ерік берілді. Ондағы адамдар бір болыстан бір болысқа ауысу, құқысынан айрылды. Территориялық принципке құрылған бұл әкімшіліктің мақсаты – бір рулы елді екіге бөліп, өзге румен қосып, бір болыс құру: әрбір үлкен рудың жарты-жартысынан уезд ашу, сол арқылы өзара алауыздық тудыру. Бұл мақсат күткендерінен асып түсіп, қырқысуға себеп болды» (Jurtbaiev, 1990: 40). Міне, бұған қарағанда отарлаушылар ел билеу заңын өзгерткен. Бұл елдің ішкі бірлігін

әлсіреткен. Сондай-ақ бұрыннан келе жатқан моральдық-этикалық нормалар да бұзылды. Әділдік аяққа басылып, билік үшін талас-тартыс етек алды. Парақор пысықтардың тасы өрге домалай бастады. Сырттан патша әкімдері мен іштен өз ұлықтары тонады.

...Съездегі билердің  
Құлқындары тоймады.  
Қожа, би деп үстінен  
Председатель сайланды.  
Екі жақта ақша алып  
Өз пайдасын ойлады.  
Жұртқа обал демеді  
Бермесіне қоймады.  
Адал, арам демеді  
Кез келгенін шайнады.

Осының барлығы басқаға басыбайлы болудан туындағаны хақ. Бұл бұғауда бұлқынған халықтың жан айқайының бір көрінісін көз алдыға әкеледі. Яғни отарлықтың озбырлығын түсінген, білген ақынның үні екені даусыз.

Албан Асан «Әркімнің сорын қайнатқан» заман зарын әр қырынан дамыта толғайды. Ақынның бұл топтағы өлеңдері бірін-бірі толықтырып отырады. Ол өз дәуірінің шындығын, басқаша айтқанда патша өкіметі отарлаудың сан түрлі амал-айласын қолданды. Сөйтіп, ақсақалдың айтқанына тоқтайтын халықтың ынтымақ-бірлігіне сызат түседі. Бұл отарлаушылар үшін өте қажет тәсілдің бірі еді. Өйткені Орта Азия халықтары Ресей отарына айналған соң ел билеу жүйесіне өзгеріс ене бастайды. «Ендігі билік қазақ арасында болыстық шеңберден аспайтын әрі аймақтық принципті ұстанған болыстық сатылы сайлау жүйесіне негізделді. Мұндағы басты саяси мақсат – қазақ елінің рулыққа негізделген ел билеу жүйесін талқандап, ішкі-сыртқы билік атаулыны отаршыл өкіметтің қолына жинақтау саясаты көзделді» (Muzzahmetov, 1993: 161). Міне осындай сайлау жүйесі қазақ халқын «алты бақан алауыз» еткені белгілі. Албан Асан осы амал-айланы тартымды жырлайды. Оқып көрейік:

Ойлап тұрсам біздің жұрт,  
Ата заңнан адасты.  
Ойлағаны арамдық  
Бір тиынға таласты...  
Қулық, сұмдық ойласып  
Біріне-бірі жанасты.  
Құда, жекжат, дос, тамыр  
Алды алдымен тарасты.

Екінің бірі жау болды,  
Жат көрмеуші ек алашты  
(Barmanbekuly, 2006: 21), –

дейді.

Алашты жат көрмейтін бұрынғы ата салттың бұзылғанына кейиді. Үлкен-кіші, ағайын-жұрағат арасында сыйластық бұзылып, береке-бірлік азайды. Бұл заман тудырған кесел еді. Албан Асан осындай ауыртпалық-өзгерістерді шындық тұрғысынан жырлады, әділдік іздейді. Әрине, ақынның қолынан келері жоқты. Елді, жерді аздырып-тоздырған отарлық қысымды жасырып-жаппай айтуының өзі оның заман бет алысын түсіне білетін азамат екенін көрсетеді.

Атқа мінген азамат,  
Жақынын сатты тиынға.  
Өз қолынан кеткен соң  
Ісің түсер қиынға.

Не:

Бұрынғыдан не қалды,  
Ойлаңыз енді ырымға.  
Бопраз тартып, ащы ішті,  
Атқа мінген порымға.  
Жүз қарасын шығындап,  
Таласып жүр өңшең қу  
Болыс деген орынға...

Ақын өлеңдерінен ұзағырақ үзінді келтіру себебіміз сол тұстағы шындықты қаншалықты жеткізе суреттей алды деген ойды аша түсу еді. Кезінде ұлы Абай да «болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» деді емес пе? Осы шындықты Албан Асан да айтады. «Жүз қарасын шығындап» болыстыққа таласқан қулар көз алдымызға келеді. Ақын бұл отарлау саясатының лаңы екенін жақсы білген. Сондықтан ол шен-шекпенге таласқан атқа мінгендердің намыссыз әрекетін ашына айтады. Әрине, Абай поэзиясындай болмаса да, қоғамдық-әлеуметтік берекесіздікті зар заман, тар заман зары ретінде көрсетеді. «Ауыз бірлік кеткен соң» дұшпанның ұпайы артады деген түйінге келеді. Асан өлеңдеріне ертеректе М.Әуезов те назар аударған екен. Орыс шенеуніктерінің алдына жағымпаздық көрсетіп, беделге ие болуға ұмтылған азаматтардың жүгенсіз сойқандықтарын шыжғырып беттеріне баса отырып, аяусыз әшкерелеп барып көз жұмғанын айтады (Тамур almanagy, 2000: 82).

Бұл – ақын мұраларына берілген әділ баға.

Патша өкіметі қазақтың ата мекенін тартып алып қана қойған жоқ, даладай дархан халықтың діні мен тілін жоюға күш салды, тұрмыс-салтын бұзуды мақсат етті. Баяғы ата-баба жолы адыра қалып, «алты бақан алауыздықты» қоздырып отырды. Халықтың тарихы бұрмаланды, намысына тиді. Отарлаушылардың осындай теріс әрекеттерінің қаншалықты зиян екенін ұққан ақын қаламын қаруға айналдырды. Шынайы шындықты халыққа жеткізуді көздеді, «Қаз қараша қайтады» өлеңінде мінез-құлық, болмысы өзгерген халықтың кейпін аяусыз сынап, шенейді.

Болады сайлау дегенде  
Қардай борап шабысқан...  
Ақ, қараға қарамай  
Біреуге-біреу жабысқан,  
Үлкен-кіші деместен  
Құтырған иттей қабысқан...  
Жан-жағына қызартып,  
Сайтанның отын жағысқан.  
Заһарлы қара жыландай,  
Бірін-бірі шағысқан  
(Barmanbekuly, 2006: 87-88).

Жердің (табиғаттың) азып-тозуы, адам пиғыл-шетінің өзгеруі Асан өлеңдерінде мұнзар боп өрілген. Біреуге бағынсаң, жерден айрылсаң, тіл мен дін аяқ асты болса, жақынды жат санаса, адамдар арасындағы мейір-шапағат жойылса, мансап-атақ үшін талас-тартыс өршісе, мұсылман-имандылық болмаса – «ақыр заман» болмай не болады? Асан «Әжеп сұмдық заман болды» деген ұзақ өлеңінде осы айтылғандардың бәрін жіпке тізгендей етіп санамалап отырып айтады. Мұсылмандық-имандылықты сақтауға шақырады.

О миын де дұға қыл,  
Мұсылманның баласы.  
Жұмыла момын пенденің  
Болған Алла панасы, –

деп Жаратқан иені ұмытпауға үндейді. Қысқасы, Асан қаламынан бодан заманның бірде-бір усойқысы қаға беріс қалмаған. Өйткені ол халқының камын жеді, елдікке, бірлікке, үндеп отырады. Себебі бүтіндігі бұзылған елдің мүшкіл халінен түңіледі, намысын жоқтайды. «Жұрт күйзеушілігі шегінен шығып, патша отаршылдығының қысымшылығын әбден

асқынғандығы Асан өлеңімен айқын көрінеді» (Barmanbekuly, 2006: 125), – деп жазады көрнекті ақын І. Жансүгіров өзінің «Асан туралы» мақаласында. Шын мәнінде, бодандық өктемдіктен туындайтын халықтың мүшкіл жай-күйі ақын өлеңдерінен барынша көрініс тауып отыратынын айту парыз.

Албан Асан бүкіл халықтың зар-мұңын ғана жырлап қоймай, басқа да тақырыпта бірнеше өлең жазған екен. Соның бірі «Бес жасында бала боп тыртақтайсың» деп аталады. Адамның он жасқа келуін жарға ойнаған лаққа, жиырма жасты көзі ашылған бұлаққа, елуді ерлер мінген праққа балайды.

Он жаста жарға ойнаған лақтайсың,  
Он жастан жиырмаға келгенінде  
Төскейден көзі ашылған бұлақтайсың.  
Елуде ерлер мінген прақтайсың, –

дейді. Бұдан соң алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз жастың ерекшеліктерін ашады, сипаттама береді. Сексеннен арғы жастың қажеті жоқ деген байламға келеді. Бұл – ақын-жыраулар поэзиясында көп ұшырысатын тақырыптың бірі екенін ескерсек, сол дәстүрді Албан Асан да жалғастырған.

Ақынның екі өлеңі («Әйелдің әңгімесі», «Жақсы қатынның мысалы») әйелдерге арналған. Азамат адамның бағының ашылуы тікелей әйел затына байланысты деп қараған ақын жақсы, жаман әйелдерді салыстыра жырлайды. Отбасының берекесі, келген-кеткен қонақтарды дұрыс қабылдап, бар-жоғыңды білдірмесе, ондай әйелді ырыс-құтқа балайды.

Бағыңды Алла сенің ашқаны сол,  
Асы таза, қылықты қатын беріп.  
Кемеңгер өзі дана жақсы қатын,  
Тұрады өзіне де ақыл беріп.

Мінез-құлқы жағымды, асы таза, ақылды әйелді үлгі етеді. Мұндай әйел ерін де, ауыл адамдарын да ұятқа қалдырмайды. Ал, жаман

әйел ше? Ең алдымен ағайын арасына от тастап, жоқты тауып әкел деп ұрыс бастауға бейім.

Жаман қатын айтайын нышанасын,  
Туысқаннан айырар қулық теріп.  
Шай да, май да тауып кел тәуір көйлек,  
Қайдағы жоқ нәрсеге болар «жерік»  
(Barmanbekuly, 2006: 105).

Осындай әйелдің үйінен жақсы ұрпақ өспеуі мүмкін. Ақын кейбір әйелдерге тән жаман іс-әрекетті тізіп тұрып айтады. Өйткені өмірді әйелсіз көзге елестету қиын. Сондықтан мұндай әйелдің «барынан жоғы жақсы». Тұрмыс-тіршіліктегі қалыптасқан әдепті білмеу немесе орындамау адамгершілік-имандылыққа жатпайтын жат қылық болғандықтан ақын мұндай теріс әрекеттен сақ болуды талап етеді. Жақсы әйелді идеал тұтады.

### Қорытынды

Албан Асан поэзиясы өзінің алдындағы бір шоғыр зар заман ақындарының мұраларымен үндестік тауып отырады. Барлығының қамқайғысы жер мен ел мұңы еді. Патша өкіметінің қазақ жерін бөліп-бөлшектеуінің кесірінен шекараға жақын елдің (Албан, Бұғы) шетел асып, торғайдай тозып кеткені де шындық. Елдің ішкі бірлік-ынтымағының бұзылуы да қазақ деген халықты құрдымға жіберудің бір амал-айласы болатын. Бұл мәселе күні бүгін де мән-маңызын жоғалтпағанын ескерсек, Асан мұрасының салмағы арта түспек. Отарлақ қысымның небір сорақы сұмдықтарын Асан қазқалпында өлеңмен өрнектеп отырған. Сондықтан оның шығармалары жыр-қуәліктей әсер етеді. Халықтың басынан өткен қиындықтарды әр тараптан шынайы сипаттап бере білгендіктен оның өлеңдерінен белгілі бір кезең шындығы мен халық тағдыры астаса көрініс тауып отырады. Түйіндей айтқанда, Асан өлеңдерінің басым көпшілігі отарлық қысым-қиянаттан туындаған заман зары, халық мұңы болып келеді.

### Әдебиеттер

- Нұрғалиев Р. Әуезов және алаш. – Алматы, 1997. – 353 б.  
Барманбекұлы А. Заманның түрін естіңіз. – Алматы: Дарын, 2006. – 240 б.  
Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі әдебиет (Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі) // Жұлдыз. – 1993. – №7.  
Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 2011. – 352 б.  
Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000. – 368 б.  
Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1-т. – 384 б.  
Қанайұлы Ш. Қайран халқым. – Алматы: Раритет, 2002. – 216 б.

Жұртбаев Т. Бейуақ. – Алматы, 1990. – 304 б.  
Тамыр альманағы. – 2000. – №3. – 82 б.

#### References

- Barmanbekuly A. (2006). Zamannyn turin estiniz [Hear time type]. Almaty: Daryn, 240 b. (In Kazakh)  
Bes gasyr jyrlaidy. (1989). [Song of five centuries]. Almaty: Jazushy, 384 b. (In Kazakh)  
Jurtbayev T.K. (1990). Beiyuq [Twilight]. Almaty: Qazaqstan, 304 b. (In Kazakh)  
Qanaiuly Sh. (2002). Qairan Halqym [My holy people]. Almaty: Raritet, 216 b. (In Kazakh)  
Myrzahmetov M. (1993). Otarshyldyq dayiridegi adebiet (Qazaq adebieti tarihin dayirley maselesi) [Colonial literature (The problem of periodization of the history of Kazakh literature)]. Juldyz. № 7. (In Kazakh)  
Myrzahmetov M. (2011). Qazaq kalai orystandyryldy? [How Kazakhs were Russified?]. Almaty, 352 b. (In Kazakh)  
Nurgaliyev R. Auezov jane alash [Auezov and alash]. Almaty, 353 b. (In Kazakh)  
Omaruly B. (2000). Zar zaman poeziasy [Zar zaman poesias]. Almaty, 368 b. (In Kazakh)  
Tamyр almanagy. (2000). [Tamyр almanac]. № 3. (In Kazakh)



**Мәмбетов Ж.О.<sup>1</sup>, Байтемір А.Т.<sup>2</sup>,**

Сүлейман Демирел Университетінің <sup>1</sup>доценті, ф. ф. к.,  
<sup>2</sup>2 курс магистранты, Қазақстан, Қаскелен қ.,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ**

Бұл мақалада қазақ поэзиясындағы ұстаз образы сөз етіледі. Жалпы қазақ танымындағы ұстаз ұғымына тоқталып, қоғамда оның алар орны айтылып өтеді. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан ұстаздай ұлы тұлғаны жырға қосқан ақындар шығармаларын талдай отырып, оның мән-мағынасын жан-жақты ашу көзделген. Бұл тақырыпты зерттеудің қажеттілігіне тоқталып, оның өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қолданысқа енгізілу зәрулігі айтылады. Жастар тәрбиесінде ұстаздың орнын анықтап, оның поэзиядағы көркем бейнеленуі жан-жақты қарастырылған. Ақындардың образды сомдаудағы тақырыптық идеялық ізденістеріне мән беріледі. Әдебиет пен тәрбиені ұштастыру арқылы, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудің жолдары зерделенген. Аталған мақалада қазақ әдебиеттануында арнайы зерттеудің объектісіне айнала қоймаған рухани-этикалық және эстетикалық болмысы бар құбылыс тұңғыш рет тексеріліп талданды.

**Түйін сөздер:** қазақ поэзиясы, ұстаз, тәрбие, эстетика, көркем бейне.

Mambetov Z.O.<sup>1</sup>, Baytemir A.T.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>c. p. s. docent, <sup>2</sup>master`s student  
of II year Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**The image of the teacher in Kazakh poetry  
and his educational-aesthetic role**

This article describes the image of the teacher of Kazakh poetry. In general, in the Kazakh knowledge we are talking about the concept of the teacher, his role in society. Analyzing the works of poets who made a great personality of the younger generation, it is supposed to comprehend its meaning. In particular, it should be noted the need to study this topic, that it needs to be applied in the education of the younger generation. We have tried to determine the place of the teacher in the education of young people, to show its features through reflection in poetry. Special attention was paid to the thematic ideological research of poets in the performance of images. The goal is to educate the younger generation through literature. In the Kazakh literature for the first time the phenomenon of spiritual, ethical and aesthetic nature which has not become the object of special research is analyzed you.

**Key words:** kazakh poetry, teacher, education, aesthetics, image.

Мамбетов Ж.О.<sup>1</sup>, Байтемір А.Т.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>к. ф. н. доцент, <sup>2</sup>магистрант 2 курса  
Университета Сүлеймана Демиреля, Қазақстан, г. Қаскелен,  
e-mail: zholdas\_19@mail.ru, e-mail: ayajan.baitemirova@mail.ru

**Образ учителя в казахской поэзии и  
его воспитательно-эстетическая роль**

В данной статье описывается образ учителя в казахской поэзии. В частности, речь идет о понятии учителя и его роли в обществе. Анализируя произведения поэтов, которые воспитывают молодое поколение, осмысливается их значение. Следует отметить актуальность и необходимость исследования этой темы, так как она важна в применении в воспитании подрастающего поколения.

Авторы определяют место учителя в воспитании молодежи, показывают его особенности через отражение в поэзии. Особое внимание было уделено тематическим идейным изысканиям поэтов в исполнении образов. Цель исследования состоит в том, чтобы обучить молодое поколение через литературу. В казахской литературе впервые проанализировано не ставшее объектом специального исследования явление духовно-этической и эстетической природы.

**Ключевые слова:** казахская поэзия, учитель, воспитание, эстетика, образ.

## Кіріспе

Қазақ әдебиетінде сан алуан образдар сомдалып, қазақ поэзиясындағы әйел образдары, хан, батыр, қараша халық т.б. бейнелер көптеген ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны болғаны мәлім. Алайда, ұстаз бейнесі көптеген шығармаларға арқау болып келсе де, әлі де болса, зерттеле қойған жоқ. Қазақ прозасындағы ұстаз бейнесінің сомдалуы біршама зерттеушілердің нысанасына айналғанымен, поэзиядағы берілуі әлі бірде бір рет зерттеле қойған жоқ. Адамзат санасын біліммен нұрландырып, болашақ ақынды, мәдениет, қоғам қайраткерлерін, ел тұтқасын ұстайтын ерді – түрлі мамандық иелерін тәрбиелейтін ұстаздар қауымының орны қай заманда да ерен. Ұстаздың алдын көрмеген ғалым да, қайраткер де, қаһарман батыр да жоқ. Бүгінде алынып отырған тақырыбымыз – Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесі және оның тәрбиелік эстетикалық мәні. Аталмыш тақырып турасында зерттеудің зәрулігі егемен еліміздің дербес дамуының рухани-мәдени талаптарынан да туындайды деуге болады. Сонда аталмыш тақырыптың терең маңыздылығы ұлттық болмысымызды қайта түлету, ұлттық тұтастықты нығайту, жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ету мақсатын көздеуінде. Қазақ поэзиясы туралы бұл мақаладағы мақсатымыз ұлттық санадағы ұстаз бейнесінің бейнеленуін жан-жақты талдай отырып, оның ел болашағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін айқындау болмақ.

## Негізгі бөлім

Көреген қазақ бауыр еті баласын «Сүйегі – менікі, еті – сенікі» деп, ел арасында ғылым-білімімен, өнерімен аты шыққан жақсы-жайсаңдарға тапсырған. Қазақта білім үйретуші ұстаздың орны жоғары бағаланған. Білім үйрету ең сауапты әрі қадірлі іс болып есептелген. «Садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету» деп білген қазақ көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығын, ілім үйретушіні әрдайым сый-

лап, құрметтеу керектігін дәріптеген.

Мұғалім сөзінің түп төркіні араб тілінен енгені белгілі. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте бұл сөз «оқытушы, ұстаз, шебер» деген мағынаны береді. Ұстаз – шеберханасынан талай ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін, ел жанашырларын болаттай шыңдап шығаратын шебер. Ұстаз еңбегінің жемісін өзі көрмесе де, ел көреді.

Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының жинақталып, типтендірілу сипаттарын, идеялық-көркемдік құндылықтарын, ұстаз образына ғана тән характерлік, психологиялық ерекшеліктерді айқындау арқылы оны іс жүзінде мектептерде, басқа да оқу орындарында оқушыларға тәрбиелік эстетикалық тұрғыда қолдау көрсетуге болады. Қазақ поэзиясындағы ұстаз образының сомдалу сипаттарын, ерекшеліктерін ашу, қазақтың танымындағы ұстаз «идеалын» анықтау, рөлін зерттеу арқылы ғана біз мақсатымызға айқын жетуімізге болады.

Поэзияда ұстаз бейнесінің көркем жинақталу сипаттары прозадағы образдың берілуінен әлдеқайда өзгеше болып келеді. Себебі, ұстаз бейнесін жасаудағы авторлардың, ақындардың қолданған көркемдік әдіс-тәсілдері, ұстаздың характерін берудегі, портретін жасаудағы ерекшеліктері өзгешелеу болатыны хақ. Ұстаз бейнесін сомдаудағы идеялық ізденістері жазушыларға қарағанда да өзгеше болатыны анық жағдай. Ақындардың ұстаз образын сомдауда қандай идеялық ізденістерге барғаны ол қаламгердің өзіндік поэзиядағы қолтаңбасы деп тануға болады. Чернышевский әдебиетті «өмір оқулығы», Горький «адам тану ғылымы» деді. Демек, әдебиеттің негізгі материалы адам екені – ол да белгілі. Бір көркем әдебиеттік шығарманың адам атымен аталатыны да – содан. Осының барлығы келіп, әдебиетте негізгі нәрсе – адам образы дегенді анықтай түседі. Шығарманың арқалайтын негізгі жүгі, қоғам және ұстаз мәселесі, адами мінез қайшылықтары, образды бейнелеудегі автор позициясы, бұл пікірлердің бүгінгі күнмен сабақтастығы деген секілді мәселелерге де шығарма толық жауап беруі қажет. Себебі, кез келген шығарма оқушыларға